

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының кәсіби бағдар беруші педагогтің жылдық есебі

№	Мектеп атауы	Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы
1	Аты-жөні, тегі (толық)	Мусина Альфия Армановна
2	Білімі (бітірген оқу орны, жылы)	Жоғары Орал қаласының, Батыс Қазақстан Инженерлік Гуманитарлық Университеті 2010-2013ж.
3	Диплом бойынша мамандығы	Педагогика және психология
4	Жалпы педагогикалық еңбек өтілі	13жыл 9 ай
5	Маман ретінде еңбек өтілі	9 жыл, кәсіби бағдар бойынша 9 ай
6	Санаты (алған жылы)	Педагог-модератор 2020жылы
7	Оқушы саны (жалпы, бір маманға)	502
8	Әдістемелік тақырыбы	«Оқушылардың мамандықты дұрыс таңдау-баянды болашақтың бастауы туралы түсініктерін дамыту».
9	Семинар қалалық (тақырыбы, деңгейі, уақыты)	«Мамандар кәсіби бағдар алды» кәсіби бағдар беруші педагогтерге арналған семинар 1наурыз 2023ж
10	Оқушылармен өткізген шығармашылық жұмыстар (сайыс, ғылыми жоба т.б)	«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының қалалық кезеңінде қорытындылау әділқазы мүшесі 7 сәуір 2023ж
11	Мамандық бойынша кеңес беру жұмысы (жалпы саны)	354
А	Оқушылармен (саны)	344
Б	Ата-анамен (саны)	10
12	2022-2023 оқу жылындағы проблемалар	-
13	Жаңа оқу жылына мақсат, міндеттер, ұсыныс	2023-2024 оқу жылында оқушылар мен және ата-аналарына сауалнама түрлерін көптеп өткізуді мақсат етіп отырмын. Оқушылардың талап-тілегі бойынша түрлі кездесулер мен экскурсияларды ұйымдастыруды жолға қоюдамын. Болашақта, әліде осындай жұмыстар жалғасын табады.
14	ИИН номерлері	880616451349
15	Электрондық поштасы	Alfia_armanovna@mail.ru

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының мектепшілік кәсіби бағдар беруші педагогтің қызметтік жылдық жоспары

Мақсаты:

Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- әрбір білім алушының кәсіби бағдарын диагностикалау;
- білім алушылар мен олардың заңды өкілдерін кәсіби өзін-өзі анықтаудың және мансаптық жоспарлаудың негізгі принциптерімен таныстыру;
- әрбір білім алушыға мамандық таңдауда көмек көрсету және мүмкіндіктерін жеке мамандықтарға қойылатын талаптармен салыстыру;
- белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

№	Жұмыс мазмұны	Ұйымдастыру жолдары
1.	Оқушылармен жүргізілген жұмыстар	1. Оқушылардың мамандық таңдауына байланысты сауалнама, кездесу, экскурсиялар ұйымдастыру
2	Ата-аналармен жұмыс	1. Мамандық таңдауға байланысты кеңестер беру. 2. 2022-2023 оқу жылында оқушылармен ата-аналардың бір-бірімен мамандық таңдауына байланысты мамандармен кездесу мақсатында іс-шаралар жоспарлау
3	Кәсіби бағдар беруші педагогтің кәсіби біліктілігін шыңдау жұмыстары	1. БАҚ беттеріне материалдардың шығуы . Іс-тәжірибе тарату.

2022-2023 оқу жылында 7-11 сыныптар бойынша 664 оқушымен бастадық. Оқушыларға мамандық таңдау туралы түсініктерін қалыптастыру. Мамандық таңдауда дұрыс кірпішінің қалануына бағдар беру. Оқушылардың заңды өкілдерімен байланыс орната отырып, мамандық таңдауына ата-ана мамандар болып болашағына үлес қосу.

Жыл бойы алдымызда отырған оқушылардың дұрыс мамандық таңдауына бағыт беру мақсатым болды. Оқушыларға ұйымдастырушылық жұмыстары, кәсіби бағдар беру – диагностикалары, дамытушылық жұмыстары, ата-аналарымен байланыс орнату осы бағыттағы жұмыстар жүргізілді.

Барлық сыныптарға кәсіби бағдар бойынша ақпарат, кеңестер берілді. Оқушылардың қызығушылықтарын аша отырып, бағыт бойынша мамандықтар тізімінде ЖТБ Климовтың сауалнамасы бойыншада мамандықтар таңдаға болатындығы анықталды.

I. Ұйымдастырушылық ақпараттық жұмыстар:

№	Іс-шаралар атауы	Сыныбы	Айы	Қатысқан оқушы саны
Ақпараттық				
1	Оқушылардың кәсіби ой-ниетін анықтау	9-11 сынып	қыркүйек	226
2	Мамандық бойынша сауалнама	9-11 сынып	қыркүйек	226
3	"Сіздің кәсіби мансабыңыз" "Мамандықтар әлемінде" "Түлекке көмек" беру мақсатында 5 пәндік курстар туралы түсіндірді	10-11 сынып	қыркүйек	266
4	Кәсіптік бағдар бойынша кеңестер беру.	9-11 сынып	қазан	344
5	Мамандармен кездесу. Департамент ПС КНБ РК начальник склада Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара академиясымен және UIB Университеті	11 сынып	қазан	77
6	«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК-ның БҚО автомобиль жолдары	9-11 сынып	қараша	226
7	«Сенің таңдауың-сенің болашағың»	10-11 сынып	қараша	266
8	"Оқуға қайда бару керек". Танысу әңгіме - сұхбат	11 сынып	қараша	48
9	Ата-аналарға балаларының мамандық таңдауына байланысты жеке кеңестер беру	9-11 сынып	желтоқсан	Ата-ана саны 125
10	«Мамандық таңдау-өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау».	10-11 сынып	желтоқсан	189
11	«Мамандықты дұрыс таңда»	9-11 сынып	қаңтар	226

12	Оқу орындарына, аймақтық кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру	9-11 сыныптар	ақпан наурыз	344
13	«Қажетті мамандықтар»	9-11 сынып	ақпан	196
Консультациялық-диагностикалық				
14	«Менің қолымнан бәрі келеді»	9,11 сынып	желтоқсан	164
15	Алдын ала бағыт беру аясында диагностика өткізу (Қызығушылық картасы, Ойлау типі)	9,11 сынып	қаңтар	171
16	Негізгі мектеп түлектеріне бағдарлы оқыту бағытын таңдауда қалай көмектесуге болады?	9 сынып ата-аналары	қаңтар	80
17	- 9, 11 сыныптарда кәсіптік өзін-өзі анықтау саласын түзету; - мамандық таңдауда көмек; - Мамандықтар әлемін баяндайтын әдебиеттермен танысу	9,11 сынып	наурыз	226
Дамытушылық				
18	"Жүз жол – біреуі сенікі" "Мен және менің болашақ мамандығым" "Армандарды қалай жүзеге асыруға болады" тақырыбында сынып сағаттарын ұйымдастыру	9-11 сынып	наурыз	214
19	«Өзіңе және адамдарға қуаныш сыйлайтын еңбек»	10сынып	сәуір	10
20	М.С. Нәрікбаев атындағы ҚазГЮУ ақпарат алу.	11 сынып	сәуір	78
21	«Мамандықтың бәрі жақсы»	9 сынып	сәуір	148
22	«Мамандықтар жәрмеңкесі» Маман иелерімен кездесу	9 сынып	қаңтар	148
23	«Мамандық таңдау уақыты» бейне блогерлер байқауы	9-10 сынып	наурыз	266

24	Оқушыларымен кәсіптік бағдарлау ойындары мен тембилдинг өткізу	7-8 сынып	мамыр	156
25	Кәсіби бағдар бойынша ақпаратты сайтқа орналастыру	9-11 сынып	жыл бойы	Педагог-профориентатор А.А. Мусина

Сонымен қатар жоспардан тыс «Мамандықтар әлемі» атты әлеуметтік-психологиялық, кәсіби бағдар беру қызмет бойынша өткізілетін 8-11 сыныптарға айлық жұмыс жоспары жүзеге асырылды.

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өзін-өзі тану аумағын кеңейту.

№	Іс-шаралар атауы	Айы күні	Сыныптар	Қатысқан оқушы саны
1.	«Мамандықтар әлемі» атты айлық жоспар «Ашылу салтанаты» саптық жиын	03.04.2023 ж	8-11 сыныптар	499
2.	«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумның мектепшілік кезеңі (онлайн)	03.04.2023 ж	6-11 сыныптар	8
3.	«Кел, танысайық мамандықтармен» Батыс Қазақстан Облысы А.Иманов атындағы Жол көлік колледжінің өндірісінің оқыту шебері Жанбырбаев Рашид Саясатовичпен кездесу	03.04.2023 ж	9 сыныптар	141
4.	«Мамандықтар әлеміне саяхат» КАЗИИТУ колледжіне саяхат	04.04.2023 ж	9 сыныптар	140
5.	«Мамандармен кездесу» Алматы қаласы КБТУ университетінің рекрутинг департаментінің бас маманы Туманшинова Айзада Ерланқызымен кездесу	05.04.2023 ж	11 сыныптар	65
6.	«Колледждерге саяхат» Сервис және жаңа технологиялар колледжіне	11.04.2023 ж	9 сыныптар	140

	саяхат мамандықтарымен танысу			
7.	«Кәсіби бағдар бойынша мамандықтар түрлерімен ата-аналарға ақпарат беру» ата-аналар жиналысына ұсыныстар	12-14. 04.2023 ж	9-11 сыныптар ата-аналары	74
8.	«Өзіңе және адамдарға қуаныш сыйлайтын еңбек» эссе	17.04.2023 ж	10 сыныптар	8
9.	«Мамандықтың бәрі жақсы» қабырға газеті көрме әзірлеу дәлізге	20.04.2023 ж	9 сыныптар	6
10.	«Мамандықты тап» атты тренинг	28.04.2023 ж	8 сыныптар	121

Кәсіби бағдар жұмыстарының мамандармен кездесу, шаралар және экскурсия кезендері төмендегідей жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарына сай кәсіби бағдар бойынша қыркүйек айында 9,11 сынып оқушылардың кәсіби ой-ниетін анықтауға байланысты пікір алмасу жүргізілді. Сонымен бірге сауалнамалар алынды. Қыркүйектің 6 күні "Сіздің кәсіби мансабыңыз", "Мамандықтар әлемінде", "Түлекке көмек" беру мақсатында 5 пәндік курстар туралы 125 High school кәсіби бағдар беруші Асыланбек Абилкаиров 10-11 сынып түлектерімен кездесу өткізіп түсіндірді. Қазан айында кәсіптік бағдар бойынша кеңестер берілді.

2022 жылдың 11 қазан күні 11 сынып оқушыларына мектеп-гимназиямызда кәсіби бағдар берумен бірге кездесу Департамент ПС КНБ РК начальник склада Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара академиясымен және UIB Университеті мамандармен түсіндірме жұмысы жүргізді. Қараша айында 9,11 сынып оқушыларымен «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК-ның БҚО автомобиль жолдары мамандарымен кездесу өтті. Жол активтері ұлттық орталығының өкілі Төлеуова Гүлсезім Табылдықызы мамандық түрлері туралы ақпарат берді.

«Мейірім өнер-білім орталығы» бойынша 2022 жылдың 14 қараша күні 8-11 сыныптар аралында орталықтың бас директоры Мейірхан Қадемқызы курстар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар курстар туралы сұрақтар қойып өздеріне қажетті ақпараттар алды.

Сонымен бірге 2022 жылдың 17 қараша күні «Атамекен» ұлттық палатасының ұйымдастыруымен өткізілген онлайн іс-шараға мектеп-гимназиямыздың 10-11 сынып оқушылары сынып жетекшілері белсене қатысты. Бизнес табыстылығы жөнінде және кәсібін алға апарудағы тынымсыз еңбек жолы жөнінде кәсіпкер Сүндетова Самал Болатқызы әсерлі жеткізе білді. Сонымен қатар оқушыларға өмір жолында арманды мақсатқа айналдыру, оны жүйелі жоспармен жүзеге асыру және орындай білу туралы да айтып өтті. Сөз соңында кәсіп иесі мамандықты жүрек қалауымен таңдауға шақыра отырып, жас жеткіншектерге сәттілік тіледі.

2022 жылдың 22 қараша күні «Атамекен» ұлттық палатасының ұйымдастыруымен өткізілген онлайн іс-шараға мектеп-гимназиямыздың 10-11 сынып оқушылары сынып жетекшілері белсене қатысты. Бизнесті бастау ең алдымен шыдамдылық пен табандылықты, сабырлықты жауакершілікті қажет ететіндігін және өзің ашқалы отырған ісің өзіңе ұнайтынды маңыздылығын жеткізді кәсіпкер Дәурен Сатқанов «West Gaz Agro» ЖШС директоры. Оқушыларда бұл бизнесті бастауда адамдарды өзіңізге қалай тарттыңыз деген т.б сұрақтар қойды. Мектепішілік шараларымызда жоспарға сай жүре бастады. 24 қараша мектебімізде кәсіби бағдар беру мақсатында 10-11 сынып оқушыларына "Сенің таңдауың-сенің болашағың" атты тақырыпта кітапхана көрмесі ұйымдастырылды.

«Білім инемен құдық қазғандай»- демекші, әр оқушының болашағы біз үшін маңызды. Болашақ ұрпақтың болашағына қалдырар із өте көп. Мамандыққа бағыт беру үшін де ең алдымен білім алып өз қабілетін аша отырып сол білімді жандандыруда кітап өмірдің бір бөлшегі екенін ұғыну қажет.

Көрме әр оқушыға ой салып, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыра түсті. Оқушылар өз мамандықтарын алдағы емтихандарына дайындықты тереңдету мақсатында кітапханадан оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, физика-география т. с. с кітаптарын алды. «ЖТБ» әдістемесі (Е.А. Климова) диагностикалық әдістеме қараша-желтоқсан айында оқушылардың мамандыққа бағыттылығын анықтау мақсатында жүргізілді.

2022 жылдың 3 желтоқсан «Атамекен» ұлттық палатасының ұйымдастыруымен Орал политехникалық колледжіне саяхат (экскурсия) өткізілді. Кәсіби бағдар беру күні болғандықтан жан-жақты колледждер келіп өз оқу орындарын видео слайд арқылы түсіндіріп өтті. Әрі қарай Орал политехникалық колледжі ішіндегі саяхат өз жалғасын тапты. Лазерлік кесу станогы, қабырғаны безендіріп көркемдеу бағыты, ағаш өңдеу технологиясы бөлімі тас қалау мен кірпіш жасау бөлімі, электірлік жарық өңдеу, дәнекерлеуші бөлімдерімен танысып өтті. Соңында оқушылар колледжге саяхат жасаудан алған әсерлеріменде бөлісті.

2022 жылдың 6 желтоқсан күні мектеп-гимназиямызда кәсіби бағдар беруге байланысты Еуропалық мамандандыру орталығының бас директоры Ахмурзиза Калима Максотовна түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Онда Польша мен Чехияға 9-11 сыныптар емтихансыз қабылданатынын айтты. Түлектердің қойған сұрақтарына жауап берді.

2022 жылдың 7 желтоқсан күні мектеп-гимназиямызға кәсіби бағдар беруге байланысты 11 сыныптарға БҚИТУ-нен мамандықтар түрлері туралы КАЗ Мунай Газ аға оқытушысы Жумагалиева Гульмира Жаксыгалиевна түсіндірме жұмыстарын жүргізілді.

2022 жылдың 8 желтоқсан күні мектеп-гимназиямызға кәсіби бағдар беруге байланысты Жәңгір хан Университетінен жоғарғы мектеп доценті «Каз Мұнай Газ және химиялық инженер» техникалық ғылымдарының кандидаты Бурханов Бакытжан Жамбыловичпен 11 сыныптарға университет мамандықтары туралы сауалнамалар және түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2022 жылдың 13 желтоқсан күні мектеп-гимназиямызда кәсіби бағдар беруге байланысты 11 сыныптарға Алматы қаласынан АЛТ 1931 Логистика және көлік академиясының 3 курс студенттері Маншук және Алихан өз оқу орындары туралы

ақпараттар берді. Бейне роликтеріменде оқу орындарына шолу жасады. Түлектер өздеріне қажет мамандықтар туралы сұрақтар қойып қажетті ақпараттар алды.

2022 жылдың 20 желтоқсан күні мектеп-гимназиямыз кәсіби бағдар беруге байланысты 11 сынып түлектер Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің инженерлік-гуманитарлық факультеті «Ашық есік күніне» шақырды. Ашық есік күнін инженерлік-гуманитарлық факультетінің деканы Б.А. Биляшев сөз бастап ашты. Сонымен бірге факультеттің аға – оқытушылары мамандар сөз сөйледі. Оқушылар сұрақтар қойып, қойылған сұрақтарына жауап алды.

2023 жылдың 9 қаңтар күні мектеп-гимназиямызда кәсіби бағдар беруге байланысты 11 сынып түлектеріне Астана қаласы «Туран -Астана» Университетінен мамандық түрлері бойынша «Бизнес-Әкімшілік» кафедрасының аға оқытушысы Адилов Махсот Тулегенович түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түлектер өздеріне қажет мамандықтар туралы сұрақтар қойып қажетті ақпараттар алды.

2023 жылдың 20 қаңтар күні мектеп-гимназиямызда кәсіби бағдар беруге байланысты 9 сынып оқушыларына Батыс Қазақстан индустриалды колледжінің өндірістік оқыту шеберлері: Мурат Алимжанович пен Консбай Бактыгулович колледждеріндегі мамандық түрлерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар сұрақ қойып, қойылған сұрақтарына жауаптарын алды.

2023 жылдың 24 қаңтар күні мектеп-гимназиямызда кәсіби бағдар беруге байланысты 9 сынып оқушыларына «Мамандықтар жәрмеңкесі» тақырыбында мамандармен кездесу өтті. Қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтар және заман талабына сай мамандықтар туралы кәсіби бағдар беру, психологиялық қолдау көрсету мақсатында жүргізілген болатын. Кездесу кешіне шақырылған шаштараз, бет әрлеуші, дизайнер, бас есепші маманымен болды. СММ блогер сән үлгі т.с.с мамандық түрлерімен ақпараттандырылды. Оқушылар маманға сұрақтар қойып, өздеріне жауаптарында алды.

2023 жылдың 1 ақпан күні мектеп-гимназиямызда 9 сынып ата-аналарына 2 тоқсан қорытындысы бойынша жиналыс өтті. Оқушылардың білім сапасы мен пәндерді оқу процесі туралы жүргізіліп таныстырылды. Сонымен бірге оқушылардың ата-аналарына кәсіби бағдар беруде «Негізгі мектеп түлектеріне бағдарлы оқыту бағытын таңдауда қалай көмектесуге болады» тақырыбында баяндама оқылды. Бағдарлы оқытудың ұйымдастырылуы қаншалықты маңыздылығы бар екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар қандай бағыт бойынша психодиагностикалық Климовтың сауалнама қортындысы бойынша бағыттарымен таныстырып, қандай мамандықтарға баруға болатындығы айтылды. Ата-аналар ризашылықтарын білдірді. Ата-аналарға балаларымен ашық сөйлесіп бейіндік қабілетіне орай мамандықты да дұрыс таңдауға болашақ ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу туралы ұсыныстар берілді.

2023 жылдың 7 ақпан күні мектеп-гимназиямызда 11 сынып оқушыларына Батыс Қазақстан облысы Полиция Департаментінің ғимаратында ҚР ІІМ Б.Бисенов атындағы Қарағанды Академиясының өкілдерінің қатысуымен мектеп бітіруші түлектеріне арналған кәсіби бағдар жиыны өтті.

Шара барысында Академия ұстаздары үміткерлерге қойылған талаптармен, оқу және тұру шарттары түрлерін түсіндірді. Қызығушылық танытықан оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

2023 жылдың 9 ақпан күні мектеп-гимназиямызда 11 сынып оқушыларына Орал қаласы №8 Өрт сөндіру бөлімін қарау бастығы Азаматов Дархан Кайыргалиевич кәсіби

бағдар бойынша мамандық түрімен таныстырып өтті. Түлектердің қойған сұрақтарына жауап берді.

2023 жылдың 9 ақпан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушылары арасында химия-биология пәндерін таңдап отырған оқушыларға БҚО Денсаулық сақтау басқармасы мемлекеттік мекемесінде кәсіби бағдар беру мақсатында ұйымдастырылған ашық есік күніне мектебіміздің медицина саласын таңдап отырған 11 сынып оқушыларымыз саяхат (экскурсия) жасады. Оқушыларымызды ең алдымен басқарма басшысы Арман Талғатұлы қабылдап денсаулық сақтау ісіне қатысты тың ақпараттармен бөлісіп, түлектерімізге сәттілік тіледі. Әрі қарай саяхатымыз мекеме бөлімдерінің жұмыс барысына шолумен жалғасты. Оқушылар көкейдегі сұрақтарына жауап алып, керемет әсерде қайтты. Осындай мүмкіндік туғызған басқарма басшылығы мен ұйымдастырушыларға алғыс білдіреміз.

2023 жылдың 15 ақпан күні мектеп-гимназиямызда 10-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар жұмысы бойынша Астана қаласынан КАЗГЮУ университетінен кәсіби бағдар мамандық түрлерімен универ өкілі Дәуренбекова Аружан кездесу өткізді. Сонымен бірге КАЗГЮУ университеті туралы таныстырылым, гранттар тың ақпараттарымен бөлісті. Оқушылар қызықтырған сұрақтар қойып, жауаптарын да алды.

2023 жылдың 16 ақпан күні мектеп-гимназиямызда 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Жәңгір хан Университетінен аға оқытушы Айгуль Газиуллиновна жаңадан қосылған мамандықтар туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Жәңгір хан университетіне түскен түлекке қолайлы жағдайлар көрсетілетіні, егер түскен абитуриент шығармашылыққа өнер, спортқа жақын болса үйірмелерге қатыса алатындығы айтылды. Шығармашылық бағытын таңдаған оқушылар өздеріне қажет сұрақтарын қойып, жауаптарында алды.

2023 жыл ақпан айының 20 жұлдызы Құрманғазы атындағы саз колледжінде жыл басынан жоспарланған ашық есік күні өтті. Аталмыш шара колледж қабырғасындағы "Ән салу" және "Хор дирижёры" мамандықтарының апталық ашылу салтанатымен басталып, салтанатты шараға колледж басшысы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сертеков Нұржан Орынғалиұлы сөз сөйледі. Іс - шараға келген қала, ауыл мектептерінің оқушылары мен жетекшілері ашылу салтанатының концерттік бағдарламасын тамашалап "Ән салу" және "Хор дирижері" мамандықтарының бөлім меңгерушісі, Ғылым магистрі Каратаев Адиет Сағадатұлының аталмыш бөлімнің апталық ашылу салтанатына деген жүрек жарды тілегін тыңдап жалпы колледж бойынша экскурсияға аттанды. Экскурсия жетекшісі ретінде колледжді түгел таныстыру мақсатында «Әлеуметтік - мәдени қызмет және халық көркем шығармашылығы», «Кітапхана ісі» мамандықтарының Пәндік циклдық комиссиясының төрайымы Тоқтарова Гүлдаурен Аманжолқызы жұмыстанып 9 сынып оқушыларымыз түрлі мамандықтар бойынша танысып, сұрақтар қойып жауаптарын алып, өз ризашылықтарын білдіріп үйлеріне оралды.

2023 жылдың 22 ақпан күні мектеп-гимназиямызда 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты БҚИТУ педагогика факультеті тілдер және менеджмент факультетінен есеп және қаржы кафедрасының меңгерушісі Шолпан Дуйсембаевна универ мамандықтар түрлерімен, гранттар, атаулы шәкіртақылар, талапкерлерге жеңілдіктер, әскери кафедра, жатақхана туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар сұрақтар қойып, жауаптарында алды.

2023 жылдың 3 наурыз күні мектеп-гимназиямызда 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты БҚИТУ университетінен аға оқытуші тренер Кабибулла Кенжеевич Жанияров универдің мамадықтары ме бір неше жеңілдіктері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар универ туралы сұрақтарын қойып, жауаптарында алды.

2023 жылдың 13 наурыз күні мектеп-гимназиямызда 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде Британияның Heriot-Watt университетінің филиалы ашылды!

Түсу талаптары: Негізгі ҰБТ шекті балы -50 бал және IELTS 5.0 (сертификат болмаған жағдайда 29-30 сәуірде емтихан тапсыруға болады)

Университет мамандары осы ақпараттармен бөлісіп, оқушыларға кәсіби-бағдар жұмыстарын жүргізді.

Толық ақпарат: 87785509195, 87767861285, 87475183583

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. С. Нурекешова Ақтөбе өкілдерін қарсылап оқушыларды жинап, кәсіби бағар алуға мүмкіндік жасады.

2023 жылдың 15 наурыз күні мектеп-гимназиямызда 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Ақтау қаласы Ш.Есенова атындағы Каспий технологиялар және инженерлік университетінен «Бизнес және құқық» факультетінің академиялық және ғылыми жұмыстар жөніндегі вице-деканы Жанаргүл Тасқынбайқызы мамандықтар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Оқушылар сұрақтар қойып, жауаптарында алды.

2023 жылдың 29 наурыз күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушылары КАЗИИТУ колледжіне барып саяхат жасады. Мамандық түрлерімен танысып кәсіби бағдар алып, IT маманы құқықтану, заңгер мамандықтарының жұмыс түрлеріне көз жеткізді. КАЗИИТУ колледжінің өкілі Гусманова Гульдана Алибековна қарсы алып, мамандық түрлері бойынша кәсіби бағдар берді.

2023 жылдың 31 наурыз күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Орал қаласы Жоғарғы аграрлық техникалық колледжінің өкілі Анаргуль Кыстаубаевна мамандық түрлерімен таныстырып, колледждегі жеңілдіктер туралы айтып өтті. Оқушылар сұрақтар қойып, жауаптарында алды.

2023 жылдың 3 сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Батыс Қазақстан Облысы А.Иманов атындағы Жол көлік колледжінің өндірісінің оқыту шебері Жанбырбаев Рашид Саясатович колледж мамандықтарымен таныстырып өтті. Шәкіртақы, жатахана, ыстық тамақпен қамту тегін екендігін. Ұл балдарға авто көлік мамандық түрлері туралы хабардар етті.

2023 жылдың 4 сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушылары КАЗИИТУ колледжіне барып саяхат жасады. Мамандық түрлерімен танысып кәсіби бағдар алып, IT маманы құқықтану, заңгер мамандықтарының жұмыс түрлеріне көз жеткізді. КАЗИИТУ колледжінің өкілі Гусманова Гульдана Алибековна қарсы алып, мамандық түрлері бойынша кәсіби бағдар берді.

2023 жылдың 5 сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар бойынша Алматы қаласы КБТУ университетінің рекрутинг департаментінің бас маманы Туманшинова Айзада Ерланқызы кездесу өткізді. Оқушылар сұрақтар қойып жауаптарында алды.

2023 жылдың 11 сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушылары Сервис және жаңа технологиялар колледжіне барып саяхат жасады. Колледж директорының

өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Нурғалиева Нургул Джангельдиевна мамандықтар соның ішінде тамақтандыруды ұйымдастыру, кулинария мамандықтарының практикалық бөлімімен ашып таныстырды. Оқушыларға өздерінің қолынан шығарып жасаған тағамдарын өздеріне тарту етті. Қойылған сұрақтарға жауаптарында алды.

Сонымен қоса 12-14 сәуір күндері мектебімізде 9,11 сыныптарының ата-аналар жиналысы өтті. Емтихан, қорытынды аттестат, ҰБТ-ға дайындықты күшейту және кәсіби бағдар бойынша колледжбен универ мамандарымен кездесу ұйымдастырылды. Болашақ ұрпақтың мамандық таңдауына дұрыс кірпіш қалануына ата-ана мектеп және мамандар болып жұмыстануды жолға қою болды. 12 сәуір күні ата-аналар жиналысында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Айгуль Сағидоллақызы сөз бастады. Кәсіби бағдар беру педагогі Альфия Армановна мамандық экскурсиялар туралы ақпарат берді және колледж мамандарын шақырды! Құрманғазы саз колледжінен Гүлдәурен Аманжолқызы ақпарат берді. Жоғарғы аграрлық техникалық колледжінен Ерлан Ақылбекұлы мамандық түрлерін таныстырды. 14 сәуір 11 сынып ата-аналарына жиналыс оздырылды. Мектеп-гимназиямыздың директоры Бибигуль Сауровна сөз бастады. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Айгуль Сағидоллақызы III тоқсан қорытындысы және емтихан ҰБТ-ға дайындықты жалғастыруды күшейту туралы ақпарат берді. Кәсіби бағдар бойынша ата-аналарға мамандықтар туралы Жәңгір хан университетінен жоғарғы мектеп доценті "Қаз Мұнай Газ және химиялық инженер" техникалық ғылымдарының кандидаты Бурханов Бакытжан Жамбылович универ мамандықтарымен таныстырды. КАЗИИТУ университетінің өкілі Каленов Уразбай Базарбаевич кәсіби бағдар бойынша ата-аналарға ақпарат берді.

2023 жылдың 14 сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушылары Жоғарғы аграрлық техникалық колледжіне саяхат жасады. Есенова Мөлдір Нұрланқызы арнайы пәндер оқытушысы колледж мамандықтарының түрлерімен таныстырып практикалық кабинеттеріне шолу жасатты. Оқушылар сұрақтар қойып, жауаптарында алды.

2023 жылдың 18 сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып түлектері «Менің таңдауым- Медицина» атты талапкерлерге арналған ашық есік күніне барды. Батыс Қазақстан Облысы жоғарғы медициналық колледжінің өкілі Жанар Болатовна медициналық мамандықтар түрлерімен таныстырып, колледж студенттері практикалық бағыттағы жұмыстарын көрсетті. Оқушылар практикалық жұмыстарды бірге көріп жасады.

2023 жылдың 3-28 сәуір аралығында «Мамандықтар әлемі» атты әлеуметтік-психологиялық, кәсіби бағдар беру қызмет бойынша өткізілетін 10 сыныптарға айлық жұмыс жоспары аясында «**Өзіңе және адамдарға қуаныш сыйлайтын еңбек**» эссе жазғаны үшін 10 «д» сынып оқушысы Бисенбиева Раушан I орын иеленді. Дәл осы мәтінде 10 «в» сынып оқушысы Нигметова Арайлым II орын иеленсе 10 «б» сынып оқушысы Еркебаева Диана III орынмен саптық жиында мектеп-гимназиямыздың директоры: Бибигуль Сауровна дипломмен марапаттады.

2023 жылдың 3-28 сәуір аралығында «Мамандықтар әлемі» атты әлеуметтік-психологиялық, кәсіби бағдар беру қызмет бойынша өткізілетін 9 сыныптарға айлық жұмыс жоспары аясында «Мамандықтың бәрі жақсы» қабырға газетін шығарғаны үшін белсенділік танытқан 9 «а», «б», «в», «г», «д» сыныптарын саптық жиында алғыс хатпен марапаттадық.

2023 жылдың 25 сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларын Жәңгір хан университетінде «Ашық есік күні» шарасына 14:00 де қатысуға шақырды. Информатика-математика пән бағыты бойынша бөлініп қарастырылды. Оқушылар өз көздерімен көріп сұрақтарына жауаптарында алды. Соңында шараның колледж жұлдыздары концерт қойды.

2023 жылдың 27 сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларын Орал «Сервис» технологиялық колледжіне экскурсияға бардық. Колледж өкілі Ахметова Бахытгуль Сергеевна *тігін технологиясы* және *шапшараз* мамандықтары туралы кабинет көрмелерімен таныстырып өтті. Оқушылардың қойған сұрақтарына жауапта берді. Бұл мамандықтардың қазіргі таңда сұранысқа ие екенінде білді.

2023 жылдың 28 сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып түлектері Атамекен ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен ІТ мектеп ассоциация жоба (проект) бойынша экскурсия ұйымдастырылып, ақпараттар көсетілді. Қазіргі таңда цифрлық технологияға қызығушылығы басым оқушыларымыздың болашағына кәсіби бағдар беру үшін бұл экскурсияның маңызы зор болды. Оқушыларымыз тек грантқа түсу жолын ойласада болашақта тереңдетіп білім алатындығына көз жеткізді.

2023 жылдың 28 сәуір күні 3-28 сәуір аралығындағы «Мамандықтар әлемі» атты әлеуметтік-психологиялық, кәсіби бағдар беру қызмет бойынша өткізілетін 8-11 сыныптарға айлық жұмыс жоспары аясында «Мамандықты тап» тенингі өткізілді. Оқушыларымызға бұл тренингтің маңызы зор деуге болады. Тренинг барысында мамандықты суырып сол мамандықты қимыл іс-әрекетімен сыныптастарына көрсетіп мамандықты табуды жолдайды. Нәтижесінде оқушылар мамандық түрлерін табады.

2023 жылдың 2 мамыр күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің БҚО бойынша департаментінен мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Масимова Венера Нурахметовнамен кездесу ұйымдастырылды. Басқарма басшысы кәсіби бағдар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.


2023 жылдың 16 мамыр күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына Жоғарғы политехникалық колледжінің өкілі Эльмира Каирболатовна кәсіби бағдар бойынша кездесу өткізді. Колледж мамандықтары туралы ашық ақпарат берді. Бұл колледжге түскісі келетін оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарында алды. Колледж мамандары: Дәнекерлеу ісі, автомобиль жолдары, жол-құрылыс машиналары, ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану, электр жабдықтарын монтаждаушы сияқты мамандықтармен толықтай танысты.

2023 жылдың 16 мамыр күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінен Хамзин Нұрлан оқытушы кездесу өткізді. Колледж мамандықтарын толықтай таныстырып, қарастырылған жеңілдіктер әсіресе жатахана, студенттік стипендиялардың төленуі және негізгі мамандықтар: Бастауыш сынып мұғалімі, шеттілі мұғалімі, информатика пәні мұғалімі, көркем еңбек пәнінің мұғалімі мамандықтарын алып шығатынын айтты. Оқушылар колледж мамандықтарымен таныса отырып сұрақтарына жауаптарында алды.

SWOT - талдау

S-жақсы жақтары:

Жалпы экскурсиялар мен кездесулердің сандық есебіне тоқталсам:



Оқушылар осы экскурсиялар мен кездесулер арқылы өздерінің таңдап жүрген мамандықтарын көзбен көріп, дұрыс мамандық таңдауына кәсіби бағыт бағдар алды.

Педагогтың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру деңгейі.

Мақсатқа жету жолында әртүрлі бағыттарда жұмыс жасап, өзімді кәсіби тұрғыда жетілдірдім. Атап айтар болсам:

22.12-23.12.2022ж күндері Жәңгір Хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұйымдастыруымен оздырылған «Кәсіби бағдар берудің үздік тәжірибелері» оқыту семинарына қатыстым.

01.03.2023 ж Орал қалалық білім беру бөлімі мен кәсіби бағдар беруші педагогтардан құралған шығармашылық топ мүшелерінің ұйымдастыруымен кәсіби бағдар беруші мамандарға арналған «**Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдары**» тақырыбындағы семинар практикумда іс-тәжірибеммен (**спикер ретінде**) бөлістім.

«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының қалалық кезеңінде қорытындылау әділқазы мүшесі

БАҚ беттеріне материал шығару: Облыстық Жайық үні газетіне «Мамандар кәсіби бағдар алды» тақырыбында мақаласы жарияланды №18 04.05.2023ж

Жылдық есеп кәсіби бағдар беруші педагогтердің қорытынды семинарында **қалалық қоғамдық жұмыстарға** белсенді қатысқаны үшін «**Алғыс хат**» берілді.

Оқушы жетістіктері:

1. «**Мамандықтар әлемін ашамыз**» республикалық форумның мектепшілік кезеңінде бж сынып оқушысы Абдулова Аяулым, Тұрғали Диляра, Амантай Динара «Мен мамандықты таңдаймын» байқауы бойынша және 9 сынып оқушысы Закидолла Көркемай, Маликова Даяна «Болдашактың мамандығы» номинациялары бойынша I орын
2. «Мамандықтар әлемін ашамыз» Республикалық форумының қалалық кезеңінде 9 сынып оқушысы Закидолла Көркемай III орын, Абдулова Аяулым, Тұрғали Диляра «Алғыс хатқа» ие болды.

W-әлсіз тұстары:

Әр өткізіліп жатырған экскурсияларға баруда көлікпен қамтылса, экскурсиялардан алған әсерімен бөлісу, пікіралмасу, талдау, қорытындылау керек деп есептімін. Сондықтан осы сыныптарға ашық әңгімелесуге 1 сағаттық үйірме қарастырылса.

О-қауіп-қатер тұсы:

Оқушылармен «Ашық есік күні», экскурсиялар мен кездесулер өздерінің өте жақсы тұстарын көрсетеді. Алайда оқушының сол кездегі көз қарасы дәл сол сәтті байқайды. Терең үңілгенде уақыт өткен соң оқушы көңілінен шықпауы мүмкін, бала дұрыс таңдау жасай алмай өкініш болу мүмкін.

Т-даму мүмкіндігі:

Заман талабына сай оқушының сұранысына сәйкес өзге қалалардағы мамандық түрлерімен онлайн байланыс орнату тікелей сұхбаттасу. Оқушының мамандықты дұрыс таңдау жасауына мүмкіндіктер орнату.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылы бойынша мектебімізде қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушыларды кәсіби бағдарлау бойынша мақсатты жұмыстар мүмкіндігінше жүргізілді. Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруда сыныптан тыс қызметтің әртүрлі нысандары, заманауи педагогикалық технологиялар қолданылады. Жыл қорытындысы бойынша 7-11 сынып аралығында 664 оқушымен тәмамдадық.

Ұсыныс: Алдағы оқу жылында кәсіби бағдар беру жұмысының педагог-психолог, сынып жетекшілермен бірлескен іс-әрекеттегі шараларын күшейту. Білім алушылардың мамандықтарын саналы түрде таңдауға жағдай туғызу. Кәсіби бағдар бойынша жүргізілетін жұмыстар әрі қарай жалғасын табады.

Кәсіби бағдар беруші педагог: А.А.Мусина